

Қазақстан Республикасының қарулы Күштеріне, басқа әскерлер мен әскери құрылымдарға азаматтарды мерзімді әскери қызметке кезекті шақыруды 2009 жылғы сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында өткізуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 5 мамырдағы № 857 қаулысы. Қостанай облысы Қостанай қаласының Әділет басқармасында 2009 жылғы 20 мамырдағы № 9-1-127 тіркелді

"Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңына, "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 1 сәуірдегі № 779 Жарлығын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 17 сәуірдегі № 543 қаулысына сәйкес, Қостанай қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермеген азаматтар 2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді шақыру өткізілсін.

2. "Қостанай облысының Денсаулық сақтау департаменті" мемлекеттік мекемесінің бастығына ұсынылсын (келісім бойынша):

1) әскер қатарына шақырылғандарды медициналық куәландыру үшін клиникалық және сараптамалық тәжірибесінің өтілі бар тәжірибелі дәрігер-мамандарды, соңымен қатар орта медициналық қызметкерлерді жолдау;

2) әскер қатарына шақырылғандар үшін алдын ала тексерілуді қамтамасыз ету;

3) қалалық медициналық комиссиясының дәрігер-мамандарының жолдамасымен емдеу-сауықтыру мекемелеріне әскер қатарына шақырылғандар үшін кезексіз қосымша тексерілуді қамтамасыз ету.

3. "Қостанай қаласының Қорғаныс істері бойынша басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бастығына ұсынылсын (келісім бойынша):

Қазақстан Республикасының Қарулы күштеріне, басқа әскерлерге және әскери құрылымдарға жолданған азаматтарды салтанатты шығарып салу шараларын ұйымдастыру.

4. "Қостанай қаласы әкімдігінің қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығына:

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес "Қостанай қаласының Қорғаныс істері бойынша басқармасының шығындар сметасында қарастырылған арнайы бөлінген қаражаттың есебінен 2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті шақыруды ұйымдастыруға және өткізуге байланысты шараларды қаржыландыру жүргізісін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі және 2009 жылғы 6 сәуірден бастап туындаған іс-әрекеттерге таратылады.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай қаласы әкімінің орынбасары М.Қ. Жүндібаевқа жүктелсін.

Қостанай қаласының әкімі

Ж. Нұрғалиев

КЕЛІСІЛГЕН

"Қостанай облысының денсаулық сақтау департаменті" мемлекеттік мекемесінің бастығы

___ В. Стельмах

"Қостанай қаласының Қорғаныс істері бойынша басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бастығы

___ Ө. Өтебасов